

УДК 341.231.14

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚТАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Қытайбекова Айгерім Қабыланқызы

Aigera_23.98@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық құқық кафедрасының

3-курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Сарсенова С.Н., Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ-ның Халықаралық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.

Адамдардың әрбір ұрпағы өздерінің ұлы қазыналарын, яғни құқықтары мен бостандықтарын әрқашанда белсенді түрде қорғап, сендіру керек. Республикада адам әдет-ғұрпын, құқықтары мен бостандықтарын бағалау әлі де жеткіліксіз. Сондықтан да адам құқықтарын ұлы қазына ретінде тек қана сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде басшылыққа алуға әлі көп уақыт керек.

Адам құқықтары- халықаралық құқықтың саласы, негізгі азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен адам бостандығын қалыптастыратын нормалардың жиынтығын және жеке құқықтар мен бостандықтардың дұрыс орындалуын көздейтін құқықтық ұйымдастыру тетіктері.

Халықаралық құқықтың бұл саласының өзгешелігі – дүние жүзі қауымдастығының адам құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің ішкі жұмысына араласа алуы. Әмбебап сипаттағы көпжақты келісімдер, аймақтық келісімдер екіжақты келісімдер халықаралық әдет-ғұрыптар адам құқықтарымен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселесі бойынша тікелей немесе жанама мамандандырылған халықаралық ұйымдардың шешімдері халықаралық құқықтың қайнар көзі болып табылады.

Гуманистік игіліктің алтын қорына енген адам құқықтары тұңғыш рет Ұлы бостандық хартиясында (1215ж.) мазмұндалып, ағылшындардың құқықтар туралы билльмен (1689ж.), Егемендік декларациясымен (1776ж.), американдықтардың Құқықтары туралы билльмен және адам мен азаматтардың құқықтары декларациясымен дамытылды. Бұл игіліктердің генезисін көре тұра, адамдардың табиғи құқықтарын оқып зертеуге талпыныс берген ежелгі гректердің философиясын, әлеуметтік әділдікпен теңдіктің жорамалдарын қозғаған реформация мен білімпаздықтың кезеңіндегі постулаттарды еске түсірмеуге болмайды[1].

Ұлттар Лигасының келісімі бойынша екі жақ өз міндеттерінің орындалуына кепіл береді. Азшылықтың құқықтарын қорғайтын жүйе Ұлттар Лигасымен бірге жойылады. Сонымен, халықаралық құқықтардың ішінде түрлі топтардың құқықтарын қорғайтын институттар мен доктриналар пайда болады. Халықаралық құқықтардың бұл аспектілерінің теориясы мен іс жүзінде қолдануы, адам құқықтарының дамуына концептуалды институционалды негіздер қалады.

Қазіргі адам құқықтары заңдар екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болды. Халықаралық қауымдастықтың мұндай заңдарды қабылдауына түрткі болған Гитлер құқықтарының жан түршігерліктей бұзылуы еді. Бірақ, БҰҰ-ның жарғысында жазылған адам құқықтары туралы ережелер әскери уақыттың сенімін ақтаған жоқ. Мұндай нәтижені күтуге болатын еді, өйткені

әр бір Ұлы державаның адам құқықтары туралы маңызды мәселелері болды. КСРО-да – ГУЛАГ, АҚШ-та – нәсілдік кемсітушілік, Ұлыбритания мен Францияда – отар иеліктері болды. Сондықтан олар адам құқықтарын орындауға және қорғауға көп көңіл бөлді. Бұл мемлекеттер жарғының зерттелуін қолдаған жоқ еді, өйткені жарғы кейбір кіші демократиялық мемлекеттер қолдаған, адам құқықтарын жақтайтын халықаралық жүйенің құрылуына алып баратын еді.

Бірақ БҰҰ-ның жарғысы қазіргі адам құқықтары туралы заңдардың тұжырымды және заңды негізін қалады. Сонымен БҰҰ-ның жарғысында жазылған мақсаттардың бірі экономикалық, әлеуметтік, мәдени, гуманитарлық мәселелерді шешуде, нәсілі, жынысы, тілі, діні жағынан бөлмей, адам құқықтарымен негізгі бостандықтарын қолдап, құрметтеуде бірге жұмыс істеу болып табылады.

БҰҰ жарғысы қазіргі адам құқықтары мәселесін интернационалдандырады, басқаша айтқанда, әр мемлекет көп жақты кеелісім болып табылатын жарғыға қосылғанда адам құқықтары туралы мәселелерді мемлекеттің ішкі ісі деп қарамай, халықаралық мәселе болып танылатынын мойындады.

БҰҰ –ның мүше мемлекеттерінің 56-бапқа сәйкес, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын дамуына ат салыудағы міндеттері және мүше мемлекеттердің ұйымымен қарым-қатынас жасауы БҰҰ-ға бұл заңдарға анықтама беруге және кодификациялауға керекті заңды өкілдік береді[2].

Адам құқықтары туралы халықаралық билльдің және қазіргі қолданылатын адам құқықтарын қорғайтын көптеген келісімдермен қабылдануы осындай ат салысудың нәтижесі болды. Бұдан әрі қарай, БҰҰ өзінің өмір сүруі барысында, адам құқықтарының дамуы жөнінде, БҰҰ мүшелерінің міндеттерін көрсетіп, оларды ұлғайтып, жарғының ережелеріне сәйкес адам құқықтарының орындалуын қадағалайтын институттарды қамти алады. Бұл институттар: БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі комиссиясы, азшылықты қорғап, кемсітушіліктің алдын алу жөніндегі шағын комиссия, әйелдердің әл-ауқаты және жоғарғы комиссардың адам құқықтарын басқару туралы комиссиясы[3].

Адам құқықтары жөніндегі комиссия Экономикалық және әлеуметтік кеңестің қамқорлығында жұмыс істейді. Ол мынадай мәселелермен шұғылданады: ЭКОСОС-қа зерттеулер жүргізіп, баяндамалар дайындайды, конвенциялар мен декларациялардың жобасын дайындайды және адам құқықтары жөнінде басқа да жұмыстармен айналысады.

Адам құқықтары жөніндегі комиссия БҰҰ-ның күн тәртібін кеңейтуде үлкен рөл атқарып, адам құқықтарын бұзушылықпен күресуде жаңа халықаралық тәсілдерді қолданды (Нақты жағдайлар және мемлекеттер бойынша мандат берілген жұмысшы топтардың және баяндамашылардың торабын ұлғайту). Халықаралық қауымдастықтың күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі-адам құқықтарының қорғалуы болуы, сонымен қатар адам

құқықтары туралы БҰҰ жарғысы ережесінің қолданылуының кеңейтілуі – бұл комиссияның зор еңбегі.

Азшылықты қорғап, кемсітушіліктің алдын алу жөніндегі шағын комиссия 1946 ж. құрылды. Ол мынадай қызметтерді жүзеге асырумен айналысады:

Адам құқықтары мен нәсілдік, ұлттық діни және тілдес азшылықты қорғауға

байланысты адам құқықтары жөніндегі комиссияға сипаттама беру және зерттеулерге кірісу.

ЭКОСОС немесе адам құқықтары жөніндегі комиссияның кез келген басқа да жұмыстарын атқару[4].

Шағын комиссияның құрамына 26 сарапшы кіреді. Шағын комиссия жылына бір рет сессия өткізеді. Оның басқа жоғарыда айтылған адам құқықтары туралы БҰҰ институттарынан негізгі айырмашылығы, ол өз үкіметінің атынан жұмыс істемей, комиссия мүшелері өз беттерінше бөлек жұмыс істейді.

Әйелдердің әл-ауқаты жөніндегі комиссия 1946 ж. құрылды. Комиссияның қызметі қоғамның барлық салаларындағы әйелдердің құқығы қорғалуының жүзеге асырылуы жөнінде ЭКОСОС-қа баяндама мен ұсыныс дайындау болып табылады. Комиссия мүшелерін (ЭКОСОС) Кеңес 4 жылға сайлайды, олар үкіметтің сарапшылары болып келеді.

Комиссияның қамқорлығымен әйелдердің құқықтарына байланысты көптеген конвенциялар мен декларациялар зерттеліп дайындалды. Мысалы, 1952 ж. Бас Ассамблея Әйелдердің саяси құқықтары тупалы конвенция қабылдады, 1957 ж. Күйеуге тиген әйелдердің азаматтығы туралы конвенция, 1967 ж. Әйелдер жөніндегі кемсітушілікті жою, Әйелдер мен ерлердің заң алдындағы құқықтарының теңдігі және балалар жөніндегі құқық пен міндеттердің теңдігі туралы декларация[5].

Халықаралық құқық – ұлттық құқықтың адам құқықтары аспектілеріндегі нормалардың қалыптасуына әсер етеді. Қазақстан оны конституциялық және күнделікті заңдарында көрсетті. Осымен Қазақстан өзінің азаматтарын құқықтармен қамтамасыз етіп қана қоймай, халықаралық қауымдастық алдында адам құқықтарын сақтауға міндет алады.

Көбінесе қазіргі кезде іс-тәжірибеде қылмыстық іс жүргізуде адам құқықтары мен бостандықтарының көп бұзылуының оқиғалары кездеседі. Адам ар абыройын қорлайтындай негізсіз ұстау, қамау оқиғалары аз емес. Адам құқық саласындағы әрекет ететін заңдарды білген жағдайда азамат өзінің Конституциялық құқықтарын қорғауға мүмкіндік алады. Негізгі заңда көрсетілген Конституциялық қағидаларды өмірдің іс-тәжірибесіне араластыру үшін, республиканың әр азаматы өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғауда құқықтық көмек алуға, қосымша құқықтық механизмдер құру қажет. Қажетті түрде адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін заңдардың жедел түрдегі билік басындағы саяси күштеріне тәуелсіз әрекет етуін қамтамасыз ету қажет.

Халықаралық құқықтағы адам құқығына терең үңіле отырып, қазіргі кезеңдегі айтулы келеңсіздіктер мен олқылықтардың орнын алу жолдарын қарастыра отырып, осы құқықтар мен бостандықтарды қорғауды жүйелі түрде ұйымдастыру үшін қандай мәселелер шешілуі керек екендігін талдау әлі де қажет.

Адам құқығы – тарихи, табиғи, объективтік құбылыс. Сондықтан әлеуметтік норма әр уақытта даму процесінде болады. Әлеуметтік норма адам қоғамымен бірге дамып, бірге өзгеріп, бірге өмір сүріп келеді. Қоғам дамып, нығайып, жақсарған сайын әлеуметтік норма да дамып, нығайып жақсарады, оның әділеттік, бостандық, демократиялық шеңбері де, кеңістігі де молаяды, күрделенеді[4].

Жалпы, адам құқығын қорғап, бостандығын ардақтау азаматтардың лайықты өмір сүріп, байрақатты тұрмыс кешуіне жағдайды қалыптастыру – әлемдік қауымдастыққа көшін ұластырған Қазақстанның алдына қойған мақсаты[5]. Қазақстан Республикасы адам құқықтарын қорғау саласында оң қадамдар жасауда. Біздің республикамыз келешекте де адам құқығы жөніндегі айтулы халықаралық, экономикалық, әлеуметтік және саяси пактілерге қосуға бет бұрып, үнемі басты назарда ұстауға кепілдік береді.

Мақаланың өзектілігіне, әркімнің құқық субъектісі ретінде танылу құқығы және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен қорғауға жатады. Адам құқықтарының ерекше құқықтар ретінде қабылдануы үшін біздің бірінші ұсынысымыз – әр түрлі мәдениеттегі қоғамдарда танылған «адам құқықтары» деген сөз тіркесінің барлық қоғамда, еш өзгеріссіз, әмбебап адам құқықтары ретінде қабылдануы, бірақ қоғамдағы құқық саласында қолданылып жүрген терминдерді түсіндіру.

Халықаралық құжаттарда және қазақстандық заңдарда мынадай екі ұғым қолданылады: «адам құқығы» және «адам бостандығы». Заң тұрғысынан адам құқығы мен адам бостандығының бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Дегенмен, белгілі бір өзгешеліктері бар. Мұны осы екі ұғымның анықтамаларын салыстыра отырып байқауға болады.

Адам бостандығы – бұл мемлекеттің араласуы тиіс емес қызмет салалары. Ол тек құқықтық нормалар арқылы солардың шеңберінде адамның өз қалауы бойынша іс-әрекет етуін белгілейді. Мұндайда мемлекет нақты адамның бостандығына араласпауы тиіс, сондай-ақ мемлекет бұл бостандықтардың басқа тұлғалардың араласуынан қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Адам құқығы – заңда көрсетілген саладағы мемлекет белгілеген және кепілдік беретін адамның мүмкіндіктері мен өкілеттіктері.

«Адам бостандығына» қарағанда «адам құқығы» терминінің аясында адам қызметінің нақты бағыты бекітіледі. Мемлекет заңда көрсетілген салада

адамның іс-әрекеттерінің заңдылығын қамтамасыз етуге және қорғауға міндеттеме қабылдайды.

Адам құқығы және бостандығы адамның құқықтық мәртебесін белгілейтін, оның жағдайын бекітетін, жеке тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынасты, адамның және мемлекеттің қатынастарын бекітетін халықаралық және ұлттық нормаларының жүйесін білдіреді. Адам құқығының және бостандығының объективті түрдегі анықтамасы осындай. Субъективті түрде адам құқығы және бостандығы нақты тұлғаға тиесілі құқықтық нормалар мен көзделген мүмкіншілігі (өкілеттігі) және мемлекет қорғайтын іс-әрекеті ретінде анықталады.

Адам құқығы табиғи қасиетке ие және жеке адамнан ажырамайды, олар аумақтық немесе ұлттық шеңбермен шектелмейді, халықаралық құқықтық реттеу және қорғау объектісі болып табылып, мемлекеттің заң актілерінде бекітілгенге қарамастан тәуелсіз болып табылады. Олар адамды сипаттап және оның қалыпты өмір сүруіне қажетті жалпы әрі негізгі өкілеттіктері болады. Адам құқығы мемлекеттің нақты заң актілерінде белгіленген жағдайда олар осы мемлекет азаматының құқықтары болып табылады.

Қолданылған ақпарат көздері:

1. Международная защита прав и свобод человека <http://yandex.kz/https://lektsii.org/12-21715.html>
2. С.Жүрсембаев. "адам құқықтары мен бостандықтарының шығу тарихы" А. 2013
3. А.А.Мишин. Конституционное право зарубежных стран. М., 1996,
4. В.С.Чиркин. Конституционное право зарубежных стран.
5. Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. Алматы.,
6. Булгакова Д. Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы. –Алматы: Заң әдебиеті, 2004. – 103-104 бб.
7. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Академиялық курс. өңделіп толықтырылған, 2 – басылым. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 45 б.
8. Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасының дамуы. бөлім. – Алматы «Қазақ университеті», 2008
9. Шәкіров А. Адам құқықтары – ең басты құндылығымыз // «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті, 10 Желтоқсан 2010